

Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізімін қалыптастыру және жүргізу Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1998 жыл 19 тамыз N 03/5 ОД бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 16 қарашада тіркелді. Тіркеу N 645. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 26 ақпандағы N 57-ОД бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізімін қалыптастыру және жүргізу Ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" заңның 13-ші бабын басшылыққа алып бұйырамын:

1. 1998 жылдың 14 тамыздан Алқада мақұлданған Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізімін қалыптастыру және жүргізу N 2/8 Ережелері бекітілсін.

2. Нұсқаулықты белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу монополияларды реттеу басқармасына (Попандопуло Е.Н.) жүктелсін.

3. Ұйымдық-кадрлар бөлімі осы Нұсқаулықпен барлық аумақтық комитеттерді таныстырсын.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Комитет Төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Е.Н. Пушкареваға жүктелсін.

Төраға-Министр

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетінің 1998 жылғы 19 тамыздағы N 03/5-ОД бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тізімін қалыптастыру және жүргізу Ережелері

1. Жалпы қағидалар

1. Осы ережелер " Табиғи монополиялар туралы ",
" Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы " Қазақстан
Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының табиғи монополия субъектілерінің
Мемлекеттік тізімі (бұдан әрі Тізім) - бұл табиғи монополия субъектілерінің аты
а т а л ғ а н т і з і м і .

3. Табиғи монополия субъектілері болып, меншіктік түріне қарамай, табиғи
монополия саласында тауар өндіру және оны сату, жұмыс немесе қызмет
көрсетумен айналысатын заңды тұлғалар немесе жеке кәсіпкерлер.

4. Табиғи монополия - бұл белгілі бір қызмет (тауар, жұмыс) түріне деген
сұранысты қанағаттандыруға бәсекелестік шарттарын жасап беру мүмкіншілігі
болмаған немесе өндірістің технологиялық ерекшелігіне байланысты және
қызметтің (тауардың, жұмыстың) осы түрін көрсету экономикалық жағынан
тиімсіз болған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) нарығының жағдайы.

5. Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар саласына
қызметтердің мына түрлері жатады:

магистралдық құбырлармен мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау;
магистралдық және тарқатқыш құбырлармен газ және газ конденсатын
т а с ы м а л д а у ;

электр және жылу қуатын беру және тарқату;

теміржол желілерін пайдалану;

аэронавигация, порттар, әуе порттарының қызметтері;

жергілікті желілер тармағын пайдалану арқылы телекоммуникациялар
қ ы з м е т і ;

су шаруашылығы және канализация жүйелерінің қызметі;

пошта байланысының қызметтері;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген басқа да қызмет түрлері

6. Тізімді табиғи монополия субъектілерінің қызметін бақылайтын және
реттейтін (бұдан әрі - Өкілетті орган), Қазақстан Республикасының Табиғи
монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Комитеті
қалыптастырады және жүргізеді.

7. Осы ережелер табиғи монополия субъектілерінің құрылымын және оларды
Тізімге енгізу және шығару тәртібін белгілейді.

2. Тізімді қалыптастыру және жүргізу тәртібі

8. Тізім Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және "Заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің
Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
құрастыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Мемлекеттік

тізімі негізінде қалыптастырылады.

9. Субъекті Тізімге кіргізуге табиғи монополия саласына қатысты болған қызмет түрін көрсетуі негіз бола алады.

Табиғи монополия саласына жатқызылған, бірақ тек өз қажетіне арналған объектілерді пайдаланумен байланысты болған заңды тұлғалар Тізімге енгізілмейді.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігінің 2001 жылғы 12 ақпандағы N 20-ОД бұйрығымен.

10. Тізімнің республикалық тарауын Орталық Өкілетті орган қалыптастырады және жүргізеді және республикалық нарықта, бұл жерде- шекарасы бір облыс аумағынан шығатын нарықта, табиғи монополия саласына жатқызылған қызмет түрлерін көрсететін табиғи монополия субъектілерін қамтиды.

11. Тізімнің жергілікті тарауларын аумақтық Өкілетті органдар қалыптастырады және жүргізеді және шекарасы бір облыс, қала, аудан, тұрақты мекен, немесе шағын басқа бір аумақ шекарасымен шектелген нарықта табиғи монополия саласына жатқызылған қызмет түрлерін көрсететін табиғи монополия субъектілерін қамтиды.

12. Тізімнің республикалық тарауына кіргізуді және шығаруды Орталық Өкілетті орган табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтер нарығының жағдайы туралы қорытынды негізінде жүзеге асырады және өз қаулысымен рәсімдейді.

Тізімнің жергілікті тарауына кіргізуді және шығаруды аумақтық Өкілетті органдар нарықтың жағдайы туралы қорытынды негізінде жүзеге асырады және республикалық Өкілетті органды хабардар еткен соң, өз қаулысымен рәсімдейді.

13. Тізімге өзгертулер мынадай негіз болғанда енгізіледі:
заңды актілерде белгіленген тәртіпте субъектінің қызметінің түрін табиғи монополия саласына жатқызу немесе шығару;

табиғи монополия субъектісінің құрылуы, қайта құрылуы, тарқалуы, қайта тіркеуден өткізілуі;

табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтер нарығы жағдайының өзгеруі;

субъектінің табиғи монополия саласына жатқызылған қызметті тоқтатуы.

14. Өкілетті органның субъекті Тізімнің тиісті тарауына кіргізуі немесе шығаруы туралы шешімі қабылданғаннан соң 10 күндік мерзімде Өкілетті орган табиғи монополия субъектісін Тізімге кіргізгені (шығарғаны) туралы хабардар етуге міндетті.

15. Бекітілген Тізімді Өкілетті орган жылына бір рет 1-ші сәуірден кешіктірмей ресми баспасөз құралдарында жариялайды.

16. Тізімге енгізілген өзгерістер Өкілетті органның қаулысы қабылданған күннен бастап 20 күннің ішінде ресми баспасөз құралдарында жариялануы тиіс.

3. Табиғи монополия субъектісін Тізімге енгізудің салдары

17. Тізімге енгізілген табиғи монополия субъектісі табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттейтін және олардың құқығы мен міндеттерін белгілейтін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және басқа да нормативті-құқықтық актілердің әсеріне ұшырайды.

Табиғи монополия субъектісінің міндеттері:

1) өкілетті органның талабына орай өткізілетін жылдық аудиторлық тексерудің қорытындысын Өкілетті органға беру;

2) өкілетті органға тоқсандық және бір жылдық статистикалық есебін беріп
т ұ р у :

- бухгалтерлік балансын;

- қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындысы туралы есеп;

- ақшалай қаржыларының жылжуы туралы есеп;

- өнімді өндіру және сату шығындары туралы есеп;

- еңбек етуі туралы есеп;

- өндірістік қаржылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп (1-ПФ
н ы с а н ы) .

Тоқсандық есептер есеп беру мерзімі біткеннен соң бір айдан кешіктірілмей, ал бір жылдық - есеп беру жылынан соң келетін 1 сәуірден кешіктірілмей табыс
е т і л у і к е р е к ;

3) бухгалтерлік балансын және жылдың қорытындысы бойынша қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін әр жылы ресми баспасөз құралдарында жариялап тұру.

18. Мемлекет Тізімге енгізілген табиғи монополия субъектілерінің қызметін Өкілетті орган арқылы реттейді және қадағалайды.

4. Тізімге енгізуге шағымдану тәртібі

19. Табиғи монополия субъектісінің мынадай құқығы бар:

- Тізімнен шығару туралы Өкілетті органға өтініш беруге;

- Тізімге енгізу және шығару мәселелері бойынша Өкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғарғы органға немесе соттасу тәртібінде шағымдануға.